

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстанның Даму Банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 шілдедегі N 733 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстанның Даму Банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстанның Даму Банкі қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 25 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 9, 85-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 83-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 15, 85-құжат; 2005 ж., N 23, 142-құжат; 2005 жылғы 17 маусымда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 9 маусымдағы Заңы):

1) 2-баптың 2-тармағындағы "Республикасының" деген сөзден кейін "акционерлік қоғамдардың қызметін," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 12-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"12-бап. Даму Банкінің заемдар беруі

1. Даму Банкінің инвестициялық жобаларға, экспорттық операцияларға және жарғылық капиталдарына Даму Банкі қатысатын лизинг беруші ұйымдарға кредит беруі Меморандумға сәйкес айқындалған шарттарда, тәртіппен және мерзімдерде

жүргізіледі. Берілетін кредиттер бойынша сыйақы ставкасының шамасын Даму Банкі қарыз алудың орташа құнын және операциялық шығыстарды ескере отырып есептеп шығарды.

2. Даму Банкі беретін заемдар кепілмен, кепілдікпен және Меморандумға сәйкес міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін заңнамада көзделген басқа да тәсілдермен қамтамасыз етілуі тиіс.

3. Даму Банкінің лизингтік қызметті жүзеге асыруы, жарғылық капиталдарына Даму Банкі қатысатын лизинг беруші ұйымдарға кредит беруі, олардың міндеттемелері бойынша кепілдіктер мен кепілгерліктерді беруі туралы шешімдерді Меморандумға сәйкес Даму Банкінің Директорлар кеңесі бекітеді.

Қамтамасыз етілмеген заемдар беруді қоса алғанда, Даму Банкімен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға жеңілдетілген шарттар беруге тыйым салу жарғылық капиталдарына Даму Банкі қатысатын лизинг беруші ұйымдармен жасасатын Даму Банкінің мәмілелеріне қолданылмайды.";

3) 15-баптың 1) тармақшасындағы "сақтандыру ұйымдарына" деген сөздерден кейін "жарғылық капиталдарына Даму Банкі қатысатын лизинг беруші ұйымдарды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 24-баптың 4-тармағындағы "екі жылдан аспайтын мерзімге" деген сөздер алынып тасталсын.

2. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 9, 95-құжат; 2004 ж., N 14, 83-құжат, N 17, 101-құжат); 2005 ж., N 6, 7-құжат):

27-1-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8-1 тармақшасымен толықтырылсын:

"8-1) лизинг қызметін жүзеге асыру шегінде лизингке беру мақсатында мүлікті сатып алу;".

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті